

**«Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Ұжымдық шартына жасалған  
№ 1 Қосымша келісім**

Ақтау қаласы

«26» 11 2014 жыл

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталып, бірінші тараптың атынан Жарғы негізінде әрекет етуші директор Б.А.Когашев, және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Қызметкерлері, бұдан әрі, «Қызметкерлер» деп аталып, екінші тараптың атынан Жарғы негізінде әрекет етуші «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ төрағасы Г.Ж.Оразов, бұдан әрі бірлесе «Тараптар» деп, ал жекелей «Тарап» деп аталып, «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ұжымдық шартына (бұдан әрі – Ұжымдық шарт) төмендегілер туралы осы №1 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) жасады.

**1. Ұжымдық шартқа келесі өзгертулер енгізілсін:**

**1.1. 10.2.7. тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:**

«10.2.7. Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыстағы қызметкерлерге ай сайын 20 АЕК мөлшерде материалдық көмек көрсетіледі».

**1.2. 10.2. тармағы келесі мазмұнды тармақшамен толықтырылсын:**

«10.2.15. Жалпы еңбек қабілетінің жарамсыздығына, мүгедектіктің тағайындалуына байланысты қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру мүмкіндігі болмағандықтан еңбек шарты бұзылған жағдайда жұмыс беруші 100 АЕК мөлшерде өтемақы төлейді».

2. «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу туралы Ереже (Ұжымдық шартқа № 6 Қосымша) осы Қосымша келісімге тіркелетін жаңа редакциямен ауыстырылсын.

3. «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы Ереже (Ұжымдық шартқа №7 Қосымша) осы Қосымша келісімге тіркелетін жаңа редакциямен ауыстырылсын.

4. № 6, № 7 Қосымшалар Ұжымдық шарттың ажырамас бөліктері болып табылады.

5. Ұжымдық шарттың осы Қосымша келісіммен өзгертілмеген талаптары өзгеріссіз қалады және тараптар сол бойынша өз міндеттерін растайды.

6. Тараптар қол қойған осы Қосымша келісім еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аймақтық бөлімшесінде мониторинг жүргізілген күннен бастап өз күшіне енеді және Ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі біткенше қолданылады.

7. Осы Қосымша келісім заңдық күші бірдей төрт данада, екі - екіден қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

**Жұмыс беруші өкілі:**

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС  
директоры

Б.А.Когашев

**Қызметкерлер өкілі:**

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС  
қызметкерлер кәсіподағы» ҚБ төрағасы

Г.Ж.Оразов

«Управление труда Мангистауской области»

№

02 08 / 95

« 12 »

12

20 14

жыл.